

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Ақпараттық технологиялар факультеті

«БЕКІТІЛДІ»

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
Ғылыми кеңес



2021 ж.

Хаттама №

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының  
«6D011100 – Информатика» мамандығының кешенді емтихан  
тапсыру нәтижелері бойынша  
ЕСЕБІ

Нұр-Сұлтан, 2021

**«6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша жоғары оқу орнында докторлар даярлаудың деңгейі**

«6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша білім алушылардың қорытынды аттестациясы келесі нормативті-құқықтық құжаттарға сәйкес жүргізілді:

–Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Үкіметінің 2015 жылдың 24 мамырындағы №327 қаулысымен енгізілген өзгерістермен (01.09.2016 жылы қолданысқа енгізіледі);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелері (29.01. 2016 жылындағы өзгерту);

– Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі №1 Ғылыми кеңесінде бекітілген «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК-де (жоғары кәсіптік білім - бакалавриат және ЖОО-дан кейінгі білім беру - магистратура және докторантура) Мемлекеттік аттестациялық комиссия (бұдан әрі – МАК) туралы ереже;

– Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің 2014 жылғы 28 тамыздағы №1 Ғылыми кеңесінде бекітілген Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде (жоғары кәсіптік білім - бакалавриат және ЖОО-дан кейінгі білім беру - магистратура және докторантура) кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы ереже;

– «2017 жылға арналған жоғары оқу орындарында білім алушыларды қорытынды аттестациялаудан өткізу үшін мемлекеттік аттестациялау комитетінің төрағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №710 бұйрығы;

– «Мемлекеттік аттестациялық комиссияның құрамын бекіту жөніндегі» Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының от 20 декабря 2018 года № 710

–Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы», «6D011100 - Информатика» білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау бағыттарына сай Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ – і 2021 жылғы 11 наурыздағы 361- п бұйрығына сәйкес мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрайымы техника ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, Ақпараттық жүйелер кафедрасының аға оқытушысы Шаушенова Анаргүл Гимрановна бекітілді.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 79-п бұйрығы негізінде «6D011100 - Информатика» мамандығы бойынша кешенді емтихандар қабылдаудың мемлекеттік комиссия мүшелерінің құрамы құрылды:

Серік Меруерт - п.ғ.д., Информатика кафедрасының профессоры;

Мубараков Акан Мукашевич - Информатика кафедрасының профессоры;

Альжанов Айтуган Кайржанович - п.ғ.к., Информатика кафедрасының доцент м.а.;

Давлетова Айнаш Халиуллиновна – тех. хатшы, п.ғ.к., Информатика кафедрасының доцент м.а.

Ақпараттық технологиялар факультетінің деканаты «6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша кешенді емтихан тапсыруға дайындық бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді. Олар оқытылған барлық пәндер және практиканың барлық түрлері бойынша білімгерлердің алған бағалары, сонымен қатар, білім алу мерзіміндегі GPA бағаларының орташа бағасы топтастырылған ведомостар құрастырды.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректорының 2021 жылғы 11 мамыр № 715-п бұйрығы негізінде қорытынды аттестацияға «6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша қазақ бөлімінен 4 докторант, орыс бөлімінен 1 докторант жіберілді. Кешенді емтихан тапсыруға барлығы 5 докторант жіберілді.

МАК жұмысы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры бекіткен кестеге сәйкес уақытында жүзеге асырылды, «6D011100 – Информатика» мамандығының оқу жоспары мен онда қарастырылған кесте негізінде 2021 жылдың 08 маусым күні (кешенді емтихан тапсыру) Microsoft Teams платформасы арқылы қашықтан өткізілді (№407 – аудиторияда, өткізілді).

Информатика кафедрасының профессорлар-оқытушылар құрамы келесі дайындық жұмыстарын жүргізді:

– емтихан материалдары мен кешенді емтихан тапсыру бағдарламасы әзірленіп, оған талдау жасалып бекітілді;

– негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімі жасалды;

– кеңес беру және жалпы шолу дәрістері ұйымдастырылды;

– кешенді емтихан тапсыру бойынша оқу-әдістемелік материалдары әзірленді.

«6D011100 – Информатика» мамандығына арналған кешенді емтихан өткізуді дайындау бойынша кафедра мүшелерінің нақты және мақсатты түрде жасаған жұмыстары түлектердің емтиханда жауап беруінде оң әсерін тигізді. МАК-тың барлық отырыстарына хаттамалар жасалды.

Оқу жұмыс жоспарына сәйкес сабақтың барлық түрлері (дәрістік, тәжірибелік (практикалық) және зертханалық) қажетті теориялық білімді, практикалық дағдыларды алуды қамтамасыз етеді. Сабақтарды ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі мол және оқу-әдістемелік тәжірибесі бар жоғары білікті оқытушылар жүргізеді.

Осыған байланысты «6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша мамандарды даярлау деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болды.

## **2. Кешенді емтиханда анықталған білім алушылардың біліміне мінездеме**

«6D011100 - Информатика» мамандығы докторанттарының кешенді емтиханды тапсыру барысында білім беру бағдарламасының жекелеген пәндері бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыны толық меңгергендігі анықталды.

Кешенді емтиханды тапсыру барысында докторанттар өзін педагогикалық міндеттерді шешуге қабілетті, білікті маман ретінде көрсете білді. Докторанттардың өз жауаптарында Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы арнайы және нормативтік әдебиеттерде қамтылған ақпараттарды қолданғандарын атап өткен жөн.

Кешенді емтиханда докторанттар информатиканы оқыту әдістемесі мен теориясы, білім беруді ақпараттандыру мен оқытудың негізгі мәселелері бойынша білімдерінің терең екенін көрсетті. Мультимедиялық технологиялар мен интернет ресурстар, сонымен қатар білім берудің электрондық басылымдарын әзірлеу және қолданудың теориялық және практикалық негіздері бойынша оқу бағдарламаларын біледі. Емтихан барысында болашақ мамандарды жекелеген пәндер бойынша даярлауда нақты кемшіліктер анықталған жоқ.

Кешенді емтиханды тапсыру қорытындысы, оның сандық және сапалық талдауы төменде ұсынылған. Докторанттар білімі жоғары деңгейде, емтиханда берген жауаптары толық және мазмұнды. Мемлекеттік емтиханға қатысқан докторанттар «өте жақсы» деген баға алды. Орташа балл –97 (А), 4.0, өте жақсы.

## **3. «6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша докторларды даярлаудың сапасын талдау**

Өткізілген кешенді емтиханды тапсыру арқылы білім алушылардың алған білімі бағаланды. «6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша мамандарды даярлау сапасының жеткілікті деңгейде екендігі байқалды.

Мемлекеттік комиссия докторанттардың кешенді емтиханда көрсеткен теориялық білімдері мен кәсіби есептерді шешудегі практикалық дағдыларын бағалай отырып, кафедрадағы мамандар даярлаудың жеткілікті жоғары деңгейде екендігін атап өтті.

«6D011100 – Информатика» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша өткізілген кешенді емтихан бойынша мамандарды даярлаудың сапалық бағалауы төменде көрсетілген.

#### **4. Докторлар даярлаудағы кемшіліктер**

«6D011100 - Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша кешенді емтихан барысында анықталды:

– білім беруді ақпараттандырудың жаһандық мәселелері, кафедра оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми-зерттеу бойынша жоғары потенциалын пайдалану бұл мамандық бойынша кафедрада докторанттар дайындауға мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайтуды қарастыру қажеттілігін көрсетеді;

– докторанттар даярлаудың сапасын жоғарылату мақсатында, олардың білімі мен білігін бағалау критерийлерін одан әрі жетілдіре түсу қажеттілігі.

Жалпы, кешенді емтихан қорытындысы бойынша аттестаттау комиссиясы «6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша докторанттарды даярлауда айтарлықтай маңызды кемшіліктер анықтамады.

#### **5. Докторлар даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі нақты ұсынымдар мен мәліметтер**

Кешенді емтихан қорытындысы бойынша мыналарды атап өту керек:

- «6D011100 – Информатика» модульдік білім беру бағдарламасының мазмұны жеткілікті жоғары ғылыми-әдіснамалық және заманауи ақпараттық-технологиялық негіздерден тұрады;

- «6D011100 – Информатика» мамандығының білім беру бағдарламасының аясында дайындалған элективті курстар докторанттарға оқытудың жеке траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді, сонымен ғылыми-ізденушілік бағытын зерттеуге және таңдауға негіз қалыптастырады;

- «6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша білім беру процесін ұйымдастырудағы қазіргі тәсілдер, оның ішінде – докторанттың оқу және ғылыми-ізденушілік жұмысында сандық білім беру ресурстарын кеңінен қолдану, әлемдік сандық ақпараттық-ғылыми ресурстарға және т.б. қолжетімділік;

- өткізілген тағылымдама шет елде озық IT-технологияларды әзірлеу және енгізу аспектісінде болашық информатика оқытушыларын даярлау жағдайы мен проблемаларын терең талдауға, одан әрі зерттеулер жүргізу үшін жаңа идеялардың пайда болуына, сонымен қатар, бірлескен зерттеулер жүргізу үшін Қазақстан, Ресей, Италия, Малайзия арасында ғылыми байланыстар қалыптастыруға септігін тигізеді;

- университетте Web of Science базасына кіретін Scopus сияқты әлемдік ғылыми деректер базасына қол жеткізу мүмкіндігі бар. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ғылыми кітапханасында Американдық бұрыш орналасқан. Докторанттар өз зерттеулерінің негізгі нәтижелерін ЖАК ұсынылған,

импакт-факторы болатын халықаралық журналдарда, Web of Science және Scopus деректер базасы кіретін журналдарда жариялайды;

- «6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша докторларды даярлау білім беру бағдарламасы үшін материалды-техникалық база мен ақпараттық ресурстардың сандық және сапалық көрсеткіштері уақыт талабына сай жаңартылды. Білім алушылар мен ПОҚ ақпаратты жинау және талдау үдерістеріне тарту процедурасы, сонымен қатар шешім қабылдау ОБ субъектілерінің қызығушылықтарын ескеру негізінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда келтірілген қорытындылардың негізінде Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нде «6D011100 – Информатика» мамандығы бойынша PhD докторанттарын дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырыстарының көлемін ұлғайту бағытында нақты жұмыстар жүргізілу ұсынылады.

**МАҚ төрайымы**



**А. Г. Шаушенова**

Қосымша

1-кесте

**2021 жылғы кешенді емтиханның тапсыру қорытындысы Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті «6D011100 – Информатика» мамандығы**

Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттауға жіберілгендердің саны	Тапсырғандардың саны	Үздік	Жақсы	Қанағат	Қанағаттан дырмау	Орташа балл	Келмеген
Кешенді емтихан	5	5	5	-	-	-	5.0	-

2-кесте

**2021 жылғы диссертацияны қорғаудың докторлық қорытынды Л.Н. Гумилев  
атындағы Еуразия ұлттық университеті «6D011100 – Информатика» мамандығы**

Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттауға жіберілгендердің саны	Тапсырғандардың саны	Үздік	Жақсы	Қанағат	Қанағаттан дырмау	Орташа балл	Келмеген
Диссертацияның қорғауы	5	-	-	-	-	-	-	-

3-кесте

**2021 жылғы бітірушілердің қорытынды аттестаттаудың бағалары Л.Н. Гумилев  
атындағы Еуразия ұлттық университеті «6D011100 – Информатика» мамандығы**

Қорытынды аттестаттауға жіберілгендердің саны	Қорытынды аттестаттауға келмегендер саны	Қорытынды аттестаттауды тапсырмағандар саны	Оның ішінде				Қанағат тандырмау	Орташа балл
			Үздік	Үздік және жақсы	Аралас баға	Қанағат		
5	-	-	5	-	-	-	-	5.0

4-кесте

**Салыстырмалы талдау шығарылымы**

Көрсеткіштері	Алдыңғы кезең 2016-2017	Алдыңғы кезең 2017-2018	Алдыңғы кезең 2018-2019	Алдыңғы кезең 2019-2020	Есеп беру кезеңі 2020-2021
Сапасы %	100	100	100	100	100
Үлгерімінің %	100	100	100	100	100
Орташа балл	4,0	4,0	4,0	5,0	5,0